

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенінде тұратын және/немесе онда жұмыс істейтін азаматтарының әлеуметтік кепілдіктері туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 1998 жылғы 9 қазан N 1026

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1998 жылғы 6-7 шілдедегі Ресей Федерациясына сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру мақсатында, сондай-ақ Ресей Федерациясының Президенті Б.Н.Ельциннің Қазақстан Республикасына белгіленіп отырған ресми сапарына және Ресей Федерациясымен екіжақты келісімдерге қол қоюға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрі Наталья Артемовна Коржоваға Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенінде тұратын және/немесе онда жұмыс істейтін азаматтарының әлеуметтік кепілдіктері туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі